

Бекітемін:

**«31» тамыз 2021 жылы №1 хаттама
педагогикалық кеңес шешімімен
ЖК «Жаса» «Ай-Жұлдыз»
бөбекжай-бақшасының меңгерушісі
Назарбаева С.Т.**



**2021 – 2022 оқу жылының мектепалды даярлық «Қарылғаш»
тобына арналған «Шебер қолдар» вариативтік компонент
бойынша пресективалық жоспар**

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

«Шебер қолдар» вариативтік компонент жұмысы баланың жалпы дамуына бағытталған және әр түрлі материалдармен әр түрлі тапсырмаларды қамтиды. Вариативтік компонент аптасына 1 рет түстен кейін жүргізіледі. «Шебер қолдар» ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұны жүйелі түрде балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылды.

«Шебер қолдар» вариативтік компонент қабылдау сапасын ескере отырып, техникалық дағдыларды, әр баланың эмоционалды жауаптылығын дамытуға байланысты жеке тәсіл жүзеге асырылады.

Баланың шығармашылық белсенді тұлғасын тәрбиелеудегі тұлғалық-бағдарлы тәсілді басшылыққа ала отырып, тәрбиеші оқу қызмет барысында келесі міндеттерді шешуді қарастырады:

1. Әр түрлі идеяларын іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дамытушы ортаны құру.
2. Өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндік беретін әр түрлі шығармашылық тапсырмаларды қою арқылы балаларды көркем шығармашылыққа баулу.
3. Балалардың жеке қызығушылықтарын, бейімділігі мен қабілеттерін ескеру.
4. Педагог пен бала арасындағы дұрыс қарым-қатынасты орнату, бұл ересек адам мен баланың ынта-ықыласы, эмоционалды әсері, бірлескен шығармашылығы атмосферасын құруға мүмкіндік береді.

5. Шығармашылық қабілеттердің өзгергіштігі.

«Шебер қолдар» вариативтік компонентты жүзеге асырудың негізгі шарты – тәрбиешінің өз жұмысына деген шығармашылық қатынасы. Көркем әдебиет, мұғалімнің шығармашылық қиялы, балаларды шығармашылықтағы жаңа жетістіктерге шабыттандыру қабілеті.

«Шебер қолдар» вариативтік компонент мектепке дейінгі мекемпеде келесі міндеттерді шешуді көздейді:

1. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
2. Дербес заттар мен қолөнер бұйымдарын жасау тәсілдерін үйрету, вариативтілікті және жеке тапсырмаларды стандартты емес шешуді ынталандыру.
3. Балалардың көркем қол еңбегіне деген қызығушылығын арттыру, балалардың бейнелі бейнесін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу және дамыту. Дербес заттар мен қолөнер бұйымдарын жасау тәсілдерін үйрету, вариативтілікті және жеке тапсырмаларды стандартты емес шешуді ынталандыру.
4. Балалардың пропорция, түс үйлесімділігі, композиция мен ырғақ сезімдерін дамыту.
5. Әр түрлі материалдармен, оның ішінде стандартты емес материалдармен жұмыс жасауда техникалық дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру.
6. Көркемдік талғамын қалыптастыру.
7. Балаларға еркін өзіндік іс-әрекетте жеке қарым-қатынасты жүзеге асыру.

Вариативтік компонент:
«Шебер қолдар»
Қыркүйек айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I апта	Балықтар	Балалардың күзгі кептірілген жапырақтардан үйлестіре балық бейнесін жасай білуге үйрету. Балалардың қызығушылығын арттыру	Күзгі ағаштың кептірілген жапырақтары, желім, ақ парак, қағаз, сүлгі
II апта	Жеміс-жидек түйреген кірпілер	Балалармен ермексазбен жұмыс істеу дағдыларын меңгерту. Киндердің сыртына ермексазбен көмкеру, дене мүшелерін, инелерін, келтіре, мүсіндеуге алма, саңырауқұлақ мүсіндей түйрей білуге дағдыландыру	Киндер іші, бала санына ермексаздар
III апта	Жүк машинасы	Балаларды сіріңке қораптарымен жұмыс істей машина бөліктерін келтіре желімдеп құрастыруды меңгерте білуге үйрету. Сіріңке қорабынан машина бөліктерін келтіре желімдеп құрсауды меңгерту.	Сііріңке қораптары түрлі-түсті қағаз, желім, қылқалам, қайшы
IV апта	Саябақта(ұжымдық жұмыс)	Балалардың бірігіп жұмыс істей білуге баулу.	

Вариативтік компонент:
«Шебер қолдар»
Қазан айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I апта	Балапан	Күзгі жапырақтан үйлестіре балапанды қағаз бетіне желімдеуге үйрету. Ұқыптылыққа баулу.	Кепкен жапырақтар (сары түс)желім,ақ парак,қағаз,қылқалам, сүлгі.
II апта	Күшік	Балаларды қағазбен жұмыс істей білуін меңгерту.Қайшымен қию,желімдеу,кұрастыра білу,әдістерін үйрету	Жұқа картон қағаздар түрлі-түсті,желім,қайшы
II апта	Теледидар	Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.Қорапшаны қағазбен қаптай білуге,желімдеуге үйрету.Теледидар бейнесін жасауға үйрету.	Қорапшалар,түрлі-түсті қағаздар,желім,қайшы, суреттер
IV апта	Күзгі ағаштар	Қағаздан үшбұрыш,көпбұрыш,пішіндерді келтіре қиюға ортасынан бүктеуге,желімдеуге үйрету.Өз жұмыстарына қуана білуге баулу.	Қатты қағаз түрлері желім,қайшы сүлгі

Вариативтік компонент:
«Шебер қолдар»
Қараша айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I апта	Қағаз майлыққа арналған стакандар	Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.Йогурд қалпына алып,оны қаптап,ермексазбен әшекейлеуге үйрету.Майлық қағаздан әдемілеп ішіне салуын меңгерту.	Йогурд қалыптары,түсті қағаздар,желім,ермексаз,қайшы қылқалам,сулы сүлгі.
II апта	Кітапша	Қатты картонмен жұмыс істеуге баулу.Бірнеше беттерді біріктіру,бекітуді үйрету.Ертегі кейіпкерлерінің жапсыруды меңгерту.	Қатты картондар,ұсақ суреттер,желім,қайшы.
III апта	Сылдырмақ	Керексіз заттардан сылдырмақ жасау жолын үйрету.0,5 немесе 0,3 л баклашка ыдысын әшекейлеуге ішінен керексіз ұсақ заттар салып,аузын бекіте білуге үйрету.Ұқыпты болуға баулу.	0,3-0,5 л баклашка ыдыстары,түсті қағаздар,ұсақ заттар
IV апта	Мерекелік маска жасау(аю)	Қағазбен жұмыс қабілеттерін жетілтіру.Қоңыр түс,қара,ақ,сары түсті қағаздарды пайдалана аю маскасын жасау жолын үйрету.	Жұқа картон қағаз түстері әртүрлі желім,қайшы

Вариативтік компонент:
«Шебер қолдар»
Желтоқсан айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I апта	Машина	Сіріңке қорабына машина жасауға үйрету. Қайшыны пайдалана жолақшалар қиып алу, сіріңке қорабы сыртына желімдеуді. Дөңгелекте р қию орналастыра білуге үйрету	Сіріңке қорапшалары, қатты картон, қара түсті жұқа түсті, қағаздар, желім, қиышы, қылқалам, тіс тазалайтын таяқша
II апта	Мысық маска	Қағаз түрлерімен жұмыс істеуді жалғастыру. Қол икемділігін ұқыптылығын қалыптастыру. Қызығушылығын ояту.	Жұқа картондар, қағаз, желім, қайшы, қылқалам, сүлгі
III апта	Мерекелік ашық хаттар	Жаңа жыл мерекесіне арналған ашық хат жасай білуге үйрету. Қайшымен, желіммен жұмыс істеу қабілеттерін меңгерту	Әр түстің қағаздар, желім, қылқалам, сүлгі.
IV апта	Жаңа жылдық ойыншықтар	Түрлі қағаздан шығаршықтар, жалаушалар, дөңгелек шетер, жасау, әшекейлеуге үйрету. Эстетикалық талғамын жетілдіру.	Түрлі қағаздар, жұқа, қатты, жылтыр т.б желім, қайшы қылқалам.

Вариативтік компонент:
«Шебер қолдар»
Қаңтар айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I апта	Ағашқа қонған торғай	Қағазды умаждау арқылы торғай бейнесін жасауға үйрету. Қол саусақ материкасын дамыту.	Қоңыр, ақ, қағаз, картон, қайшы, желім, қылқалам
II апта	Жол белгілері	Балаларға жол ережесін сақтау туралы түсінігін нақтылау. Керексіз заттардан жол белгілері құралдарын жасалу жолын үйрету.	Тіс тазалағыш таяқтары, киндер қақпағы жол белгілері, суреттер
III апта	Жұмсақ отырғыш	Сіріңке қорабынан немесе кішкентай қорапшалардан жұмсақ отырғыш жасалу жолын үйрету. Балаларды ұқыпты еңбек етуге баулу.	Сіріңке қораптары немесе кіші қорапша түсті қағаздар, желім, қылқалам
IV апта	Күшік	Қатты, жұқа қағаздармен жұмыс істеу дағдыларын меңгерту. Қайшымен жұмыс істеуді, желімдеуді ұқыпты пайдалана білуге үйрету.	Қою ашық қоңыр түс және қағаздар, желім, қайшы қылқалам.

Вариативтік компонент:
«Шебер қолдар»
Ақпан айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I апта	Қар және аққала	Қағазды умаждап, домалақтау, біріктіру арқылы аққала бейнесін жасауға үйрету	Салфетка қағаздар, желім, көк түсті қағаздар, қылқалам
II апта	Ақ қоян	Қатты қағаздан қию, желімдеу, үйлестіре дене мүшелерін келтіре қоян бейнесін жасай білуге үйрету.	Түрлі-түсті картон қағаздар, желім, қыл қалам, қайшы
III апта	Пингвиндер	Қажетсіз заттардан, табиғи заттардан, ермексазdan біріктіре пингвин бейнесін жасауға үйрету.	Қалытқы, шишка немесе жаңғақ қабағы, ермексаз.
IV апта	Мерекелік ашық хат	Көктемнің алғашқы мерекесін аналар мерекесіне арнап ашық хат жасауға үйрету. Жұқа картонды бүктеу және әшекейлеу жұмыстарын меңгерту.	Жұқа картон қағаз, түсті қағаздар желім, қайшы, қылқалам

Вариативтік компонент:
«Шебер қолдар»
Наурыз айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I апта	Аналарымызға гүл сыйлаймыз	Жұмсақ қағаздан жұмыс істеуге баулу.Бірнеше дөңгелекшелерден біріктіре гүл жасауға үйрету.Букет гүл жасауды меңгерту.	Жұмсақ түсті қағаздар,стеикер ,қатты қағаз.
II апта	Көктем(калла ж)	Әр түрлі заттардан біріктіре каллаж бейнелеп шығара білуге үйрету.	Қажетсіз заттар,табиғи заттар,гуашь,қы лқалам,ермексаз ,сүлгі
III апта	Мерекелік ашық хат	Наурыз мерекесіне орай,мерекелік ашық хат жасауға үйрету.Ою- өрнекпен әшекейлеп желімдеуді меңгерту.	Жұқа картон қағаз,түсті қағаздар,желім,қ ылқалам
IV апта	Ертегі кейіпкерлері	Ертегі кейіпкерлерін алдын-ала қиып дайындап алуға үйрету.Йргурт ыдысы сыртын қаптап оған кейіпкерлерді желімдеуді меңгерту.Ертегі құрастырып әңгімелеуге баулу.	Йогурт ыдыстары,түсті қағаз,ертегі кейіпкерлер суреті,желім,қай шы.

Вариативтік компонент:

«Шебер қолдар»

Сәуір айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I апта	«Стақан»	Бүктеу әдістері арқылы стақан жасауға үйрету, байқағыштық қабілетін дамыту.	Қатты картон, қайшы, стақан суретті
II апта	«Ормандағы кірпі»	Топта жұмыс жасауға, ойлағандарын айтуға үйрету, өтілген техникалар бойынша жұмыс жасау, оригами.	Кірпі суреті, желім, қ
III апта	«Қағаздан жасалған бантик»	Ашық хаттарды безендіру үшін қағаздан үлкен бантик жасау, қайшымен дұрыс жұмыс жасауды үйрету.	Хаттар, жұмсақ түсті қағаз.
IV апта	«Сандықша»	Қорапшаларды өз бетімен жапсыруға үйрету, оны әр түрлі қағазбен безендіру, эстетикалық тәрбие беру.	Сіріңке қорапшасы, желім.

Вариативтік компонент:
«Шебер қолдар»
Мамыр айы

Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Құралдары
I апта	«Бақ-бақ»	Гүл туралы білімдерін бекіту,қағазды екі және үш рет тең бөлу,шүл шоғын безендіру.	Гүл суреті,қатты картон,желім,қайшы
II апта	«Зырылдауық»	Қағаздан зырылдауық жасауды үйрету,серуенде жүргенде желді бақылау,өз бетімен бұйымдар жасауға тәрбиелеу.	Қатты қағаз,желім,жұмсақ сым.
III апта	«Перделер»	Көп қабатты әдіспен бүктеу,эстетикалық сезімдерін дамыту.	Жұмсақ түсті қағаз,қайшы,желім.
IV апта	«Гүлді алма ағашы»	Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен танысады.Гүлді алма ағашының мүсінін жасауға үйрету.	Ағаш,гүл,алма, суреттері,желім,қайшы